

№13-15 дәрістер

Тақырыбы: Өсімдіктер жабынын қалпына келтіру және қолдану туралы нормативті заңнамалық база.

Жер бетіндегі өмірдің көзі, қайнар бұлағы күн болып саналады. Оның энергиясы жасыл өсімдіктерге жиналады. Жасыл өсімдіктер оттегінің, тамақтың, киімнің т.б. нәрселердің көзі болып табылады. Жасыл өсімдіктерсіз өмір сүру мүмкін емес. Өсімдіктер табиғатта жекелеп өспей бір – бірімен әртүрлі дәрежеде күрделі байланысып қауым құрады. Орман, шөл батпақ егіс даласы парк – бұлар өсімдіктер қауымы немесе фитоценоз (грек phyton – өсімдік, koinos - жалпы) деп аталады. Олардың әрқайсысының құрылысында өздеріне тән ерекшеліктері бар. Өсімдіктер қауымдарының құрылу заңдылықтарын білу – оларды қорғаудың өнімділігін арттырудың және ғылыми түрде дұрыс пайдаланудың негізі болып табылады. Ағашты кесіп алған жерлерде орманды қалпына келтіру, құрғатылған шабындықтағы шөптердің құрамының өзгеруі, егіс даласындағы арам шөптермен күресудің нәтижелі тәсілдерін табу, отырғызылған ағаш, шөптесін өсімдіктердің өнімділіктерін арттыру жұмыстары өсімдіктер қауымының тіршілік заңдылықтарын арнайы ғылым фитоценология (фитоценоз – *loqos* – ілім) зерттейді. Геоботаника өсімдіктер жабыны туралы ілім. Өсімдіктер жабыны фитоценоздардан тұрады.

Адамзаттың жер байлықтарын, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, пайдалы қазбалар, мұнай және газ, т.б өндіру нәтижесінде жер беті айтарлықтай өзгестірге ұшырауда. Нәтижесінде сол аймақтағы өсімдік жабыны, топырақ қабаты, ауа құрамы, су бассейндері, т.б. да түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Бұл адамзаттың тіршілігіне қауіпті жағдайларды туғызуы мүмкін. Осындай аймақтарда өсімдіктер жабынының өзгеру заңдылықтарын зерттеу ауыл шаруашылығы және экологиялық құндылықты қайта қалпына келтіруде негіз болады.

Соңғы он жылда әлемде зиянды өндірістерді кеңінен пайдаланатын ірі өнеркәсіптік аймақтардың жедел индустриалдық өсуі, табиғи ресурстарды қарқынды түрде игеру, қалалардың дамуы және шектелген территорияларда халықтың шамадан тыс шоғырлануы, бірқатарларының қауіпті аймақтарда орналасуы қалыптасып отыр. Мұның барлығы апаттардың пайда болу ықтималдығына, кері ықпал ететін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдары бар катастрофалар мен апаттардың артуына әкеп соғады.

Қазақстан төтенше жағдайлардың пайда болуының жалпы әлемдік заңдылығындағы ерекшелік емес. Республикадағы түрлі табиғи құбылыстар оның табиғи апаттарға біршама тән екендігін анықтайды, мысалға көшкін су, қар тасқыны, ауа температурасының күрт өзгеруі, су тасқыны, өзендердің арнасынан асып кетуі мен Каспий теңізі бойындағы жағалау аймақтарындағы су алып кету, ормандағы және даладағы өрттер.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы, апатты жағдайлар мен табиғи және техногенді сипаттағы басқа да төтенше жағдайлар, эпидемиялар мен эпизотап ұлттық қауіпсіздікке жатады.

Халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық нысандарын апатты жағдайлардан, апаттардан қорғау мен олардың салдарын жою Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым саласы болып табылады.

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау мақсатымен, ауыл шаруашылық өнімдерін және мал шаруашылығы өнімдерін, су көздерін қорғау мақсатымен құрылады.

Қызметтің міндеттері:

ауыл шаруашылығы жануарлары мен өсімдіктерін қорғау жөніндегі іс-шараларды, мал шаруашылығы мен өсімдіктер өнімдерін, су көздері мен сумен қамтамасыз ету жүйелерін радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зақымданулардан қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және орындау;

зақымданған жануарларды ветеринарлық және фитопатологиялық саралау, өңдеу, емдеуді ұйымдастыру;

зақымданған жануарларды еріксіз қорғауды және оларды көмуді ұйымдастыру;

жануарлар мен өсімдіктердің жайылым жерлерін, егінді жерлерін және өнімдерін зарарсыздандыру;

ауыл шаруашылығы өнімдері мен ауыл шаруашылығындағы малды қауіпсіз аймаққа көшіру (апару) жұмыстарын ұйымдастыру;

қажетті жем мен қажетті заттар қорын құру;

қызметті құру жөніндегі әрекеттерге дайындықты құру мен қолдау, оларды жеке құраммен, техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету;

зарарсыздандырушы заттармен, медициналық заттар қорымен қорларды құру және уақытында жаңартып отыру;

төтенше жағдайлардағы әрекеттерге елді мекеннің халқын оқытуды ұйымдастыру және өткізу.